

Қуанышбек Гульмира Еламанқызы

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Түркістан облысы бойынша кәсіби даму институты» филиалының
аға оқытушысы, Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ- түрік университетінің
докторанты.

(Түркістан, Қазақстан) e-mail: gulmira.kuanyshebek@ayu.edu.kz

КЕНЕСАРЫ ХАННЫҢ ТАРИХИ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПОРТРЕТІН ЖАСАУ НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГТІҢ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТІН ДАМУ

Аннотация.

Мақалада педагогтің зерттеу құзыретін дамыту мәселесі Кенесары ханның тарихи-психологиялық портретін жасау арқылы жан-жақты талданады. Автор тарихи тұлғаның психологиялық бейнесін педагогикалық зерттеу әдісі ретінде қарастырып, мұғалімнің зерттеушілік іс-әрекетін жетілдірудің теориялық және практикалық аспектілерін айқындайды. Зерттеу барысында Кенесары ханның тұлғалық қасиеттері, көшбасшылық қабілеті, ел тәуелсіздігі жолындағы күресі және сол кезеңнің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері талдана отырып, тарихи-психологиялық бейне жасау әдісінің педагогикалық әлеуеті ашылады. Бұл тәсіл мұғалімнің аналитикалық, рефлексиялық және креативтік қабілеттерін дамытуға, ғылыми ойлау мен зерттеу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік беретіні көрсетіледі. Мұндай әдіс мұғалімнің деректерді талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілеттерін арттырып, шығармашылық ізденісін күшейтеді. Сонымен қатар, тарихи-психологиялық талдау педагогке оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілетін айқындауға, оқиға барысындағы тұлғаның эмоционалды күйін түсінуге, сабақ мазмұнын тереңдетуге және зерттеушілік бағыттағы іс-әрекетті жүйелі ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Тұлғаға тарихи- психологиялық талдау жасау мұғалімнің зерттеушілік құзыретін дамытудың тиімді құралы болып саналады. Нәтижесінде тарих пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыретін арттырудың тиімді тетіктері айқындалып, тарихи тұлғалар арқылы зерттеушілік дағдыларды дамытудың инновациялық бағыты ұсынылады.

Түйінді сөздер: Кенесары хан, педагог, зерттеу құзыреті, дерек, тарихи - психологиялық портрет, тұлғалық қасиет, педагогикалық зерттеу, интерпретация, сыни ойлау, талдау.

Куанышбек Гульмира Еламановна

Старший преподаватель филиала АО «Национальный центр повышения квалификации
«ОРЛЕУ» «институт профессионального развития по Туркестанской области», докторант

Международного казахско-турецкого университета имени Х. А. Ясауи.

(Туркестан, Казахстан) e-mail: gulmira.kuanyshebek@ayu.edu.kz

РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГА НА ОСНОВЕ СОЗДАНИЯ ИСТОРИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ПОРТРЕТА ХАНА КЕНЕСАРЫ

Аннотация.

В статье всесторонне рассматривается проблема развития исследовательской компетенции педагога через создание историко-психологического портрета Кенесары хана. Автор рассматривает психологический облик исторической личности как педагогический метод исследования, определяя теоретические и практические аспекты совершенствования исследовательской деятельности учителя. В ходе исследования анализируются личностные качества Кенесары хана, его лидерские способности, борьба за независимость страны, а также социально-психологические особенности того периода. Раскрывается педагогический

потенциал метода создания историко-психологического образа. Показано, что данный подход способствует развитию аналитических, рефлексивных и креативных способностей учителя, формированию научного мышления и исследовательской культуры. Такой метод усиливает умения педагога анализировать, сравнивать и обобщать данные, активизирует творческий поиск. Кроме того, историко-психологический анализ позволяет учителю выявлять индивидуальные особенности и способности учащихся, понимать эмоциональное состояние личности в ходе событий, углублять содержание урока и системно организовывать исследовательскую деятельность. Анализ историко-психологического типа личности рассматривается как эффективное средство развития исследовательской компетенции педагога. В результате определяются действенные механизмы повышения профессиональной компетентности учителей истории и предлагается инновационное направление развития исследовательских навыков через изучение исторических личностей.

Ключевые слова: хан Кенесары. педагог, исследовательская компетентность, источник, историко-психологический портрет, личностное качество, педагогическое исследование, интерпретация, критическое мышление, анализ.

Kuanyshbek G.

Senior Lecturer at the Turkistan Regional Institute of Professional Development, a branch of JSC "National Center for Professional Development 'Orleu", PhD student at Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University.
(Turkistan, Kazakhstan) e-mail: gulmira.kuanyshbek@ayu.edu.kz

DEVELOPMENT OF THE TEACHER'S RESEARCH COMPETENCE BASED ON THE CREATION OF THE HISTORICAL AND PSYCHOLOGICAL PORTRAIT OF KHAN KENESARY

Abstract.

The article comprehensively examines the issue of developing a teacher's research competence through the creation of a historical and psychological portrait of Khan Kenesary. The author considers the psychological image of a historical figure as a pedagogical research method, defining the theoretical and practical aspects of improving the teacher's research activity. During the study, Kenesary Khan's personal qualities, leadership abilities, struggle for national independence, and the socio-psychological characteristics of that era are analyzed. The pedagogical potential of the method of creating a historical and psychological image is revealed. It is shown that this approach contributes to the development of the teacher's analytical, reflective, and creative abilities, as well as to the formation of scientific thinking and research culture. Such a method enhances the teacher's skills in analyzing, comparing, and generalizing data, while strengthening creative inquiry. In addition, historical and psychological analysis allows the teacher to identify students' individual traits and abilities, understand the emotional state of a personality within historical events, deepen the content of lessons, and systematically organize research-oriented activities. Conducting historical and psychological analysis of a personality is considered an effective tool for developing the teacher's research competence. As a result, effective mechanisms for improving the professional competence of history teachers are identified, and an innovative direction for developing research skills through the study of historical figures is proposed.

Keywords: Khan Kenesary teacher, research competence, source, historical and psychological portrait, personal quality, pedagogical research, interpretation, critical thinking, analysis.

Kuanyshbek G.

"Orleu" Ulusal Yeterlilik Artırma Merkezi A.Ş.'nin Türkistan Bölgesi Mesleki Gelişim Enstitüsü şubesinde kıdemli öğretim görevlisi, H. A. Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi doktora öğrencisi.

ÖĞRETMENİN ARAŞTIRMA YETERLİLİĞİNİN KENESARY HAN'IN TARİHİ VE PSİKOLOJİK PORTRESİNİN OLUŞTURULMASI TEMELİNDE GELİŞTİRİLMESİ KUANYSHBEK GÜLMİRA YELAMANKIZI

Özet.

Makale, öğretmenin araştırma yeterliliğini geliştirme konusunu, Kenesary Han'ın tarihî ve psikolojik portresinin oluşturulması yoluyla kapsamlı bir şekilde ele almaktadır. Yazar, tarihî bir kişinin psikolojik imajını pedagojik bir araştırma yöntemi olarak ele alarak, öğretmenin araştırma etkinliğini geliştirmeye yönelik teorik ve pratik boyutları tanımlamaktadır. Araştırma sürecinde Kenesary Han'ın kişisel nitelikleri, liderlik yetenekleri, ulusal bağımsızlık mücadelesi ve o dönemin sosyal-psikolojik özellikleri analiz edilmektedir. Tarihî ve psikolojik imaj oluşturma yönteminin pedagojik potansiyeli ortaya konmaktadır. Bu yaklaşımın, öğretmenin analitik, yansıtıcı ve yaratıcı yeteneklerini geliştirmeye, bilimsel düşünce ve araştırma kültürünü oluşturmaya katkı sağladığı gösterilmektedir. Bu yöntem, öğretmenin verileri analiz etme, karşılaştırma ve genelleme becerilerini artırırken, yaratıcı sorgulama süreçlerini de güçlendirmektedir. Ayrıca tarihî ve psikolojik analiz, öğretmenin öğrencilerin bireysel özelliklerini ve yeteneklerini belirlemesine, bir kişinin olaylar sırasında duygusal durumunu anlamasına, ders içeriklerini derinleştirmesine ve araştırma odaklı etkinlikleri sistemli bir şekilde organize etmesine olanak sağlamaktadır. Bir kişinin tarihî ve psikolojik analizini yapmak, öğretmenin araştırma yeterliliğini geliştirmek için etkili bir araç olarak değerlendirilmektedir. Sonuç olarak, tarih öğretmenlerinin mesleki yeterliliklerini artırmanın etkili mekanizmaları belirlenmiş ve tarihî kişilikler aracılığıyla araştırma becerilerini geliştirmeye yönelik yenilikçi bir yön önerilmiştir.

Anahtar kelimeler: Kenesary Han, öğretmen, araştırma yeterliliği, kaynak, tarihî ve psikolojik portre, kişisel özellik, pedagojik araştırma, yorumlama, eleştirel düşünme, analiz.

Кіріспе. Қазіргі таңда білім беру кеңістігі педагогтің кәсіби құзыреттерін үнемі жетілдіруді талап етеді. Солардың ішінде зерттеу құзыреті мұғалімнің кәсіби шеберлігінің, ғылыми-танымдық белсенділігінің және педагогикалық инновацияларды игеру қабілетінің негізгі көрсеткіші болып табылады. Педагогтің зерттеу құзыреті- бұл ғылыми-әдіснамалық білімге сүйене отырып, зерттеу мәселесін анықтау, деректерді талдау, нәтижелерді интерпретациялау және педагогикалық практикада қолдану қабілеті. Мұндай құзыреттің дамуы педагогтің рефлексиялық мәдениетін арттырып, оның кәсіби ойлауын ғылыми деңгейге көтереді [1]. Педагогтің зерттеу құзыретін дамыту- оның ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастыру, зерттеу логикасын түсіну, деректерді жинақтап, талдап, дәлелді қорытынды жасау қабілеттерін жетілдірумен тығыз байланысты.

Тұлғаның тарихи-психологиясы- бұл психологияның бір бағыты, ол адам тұлғасының психологиялық ерекшеліктерін тарихи контексте, яғни белгілі бір дәуірдің, қоғамның, мәдениеттің, әлеуметтік жағдайдың әсерімен қалыптасуын зерттейді. Осы тұрғыда тарихи тұлғаларды психологиялық тұрғыдан зерттеу педагогтің аналитикалық және сыни ойлау қабілеттерін жетілдірудің тиімді әдісі болып табылады. Кенесары Қасымұлының тұлғалық болмысын талдау арқылы педагог-зерттеуші тарихи деректерді психологиялық интерпретациялау дағдысын қалыптастырады. Кенесары хан – қазақ халқының азаттық қозғалысының жетекшісі ғана емес, сондай-ақ күрделі психологиялық мінез-құлық иесі. Оның шешім қабылдауындағы тұрақтылық, көшбасшылық мінез ерекшеліктері мен стратегиялық ойлауы зерттеу объектісі ретінде педагогке тұлға психологиясының әмбебап заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Оның шешім қабылдауындағы тұрақтылық, көшбасшылық мінез ерекшеліктері мен стратегиялық ойлауы зерттеу объектісі ретінде педагогке тұлға психологиясының әмбебап заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді Себебі

тұлғалық-психологиялық талдау педагогтің аналитикалық ойлауын, деректерді көпқырлы қарастыру қабілетін және ғылыми дәлел келтіру дағдыларын арттырады.

Зерттеудің мақсаты- Кенесары ханның психологиялық портретін жасау арқылы педагогтің зерттеу құзыретін дамытудың тиімді жолдарын айқындау.

Зерттеу әдістері. Мақалада педагогтің зерттеу құзыреттілігін дамыту үдерісін және Кенесары ханның психологиялық портретін талдау мақсатында **кешенді әдіснамалық тәсіл** қолданылды. Зерттеу тұлғаның тарихи-әлеуметтік және психологиялық даму ерекшеліктерін айқындауға бағытталды.

Теориялық негіз ретінде бірқатар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Атап айтқанда, **Девид Кар (David Carr)** – тарих философиясы мен тарихи танымның феноменологиясы саласында танымал америкалық философ. Оның еңбектерінде тұлғаның тарихи дамуы, өзіндік сана мен әлемді уақыттық және тарихи тәжірибе арқылы ұғыну мәселелері қарастырылады. Кардың тұжырымдамалары тұлғаның тарихи сана арқылы қалыптасуының философиялық-психологиялық негізін айқындауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысына **Роберт Г. Л. Уэйттің (Robert G. L. Waite)** “*The Psychopathic God: Adolf Hitler*” (1977) атты еңбегі талдау нысаны ретінде алынды. Бұл зерттеу тұлғаның саяси мінез-құлқы мен психологиялық құрылымын өзара байланыстыра отырып, тарихи тұлғаның ішкі мотивациялық және психопатологиялық ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда түсіндіреді.

Зерттеуде сондай-ақ, отандық тарихшы **Е. Бекмахановтің** еңбектері маңызды дереккөз ретінде қолданылды. Атап айтқанда, «*Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында*» және «*Восстание хана Кенесары*» атты зерттеулері Кенесары хан дәуіріндегі тарихи жағдайларды, әлеуметтік-қоғамдық құрылымды және тұлғаның тарихи рөлін зерттеуде негізгі мәліметтер берді. Бекмахановтің еңбектері Кенесары ханның көшбасшылық қасиеттерін, тарихи әрекеттерін және қоғамдағы ықпалын психологиялық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік береді.

А.И. Артемьевтің «*Социология и психология личности*» атты еңбегі әдіснамалық және теориялық негіз ретінде қолданылды. Бұл еңбекте тұлғаның әлеуметтік және психологиялық құрылымдары, олардың өзара байланысы мен дамуының заңдылықтары жүйелі түрде талданған. Автор тұлғалардың әлеуметтену үдерісін, әлеуметтік рөлдер мен құндылық бағдарлардың психологиялық мәнін кешенді тұрғыдан қарастырады.

Аталған теориялық дереккөздерге сүйене отырып, мақалада **теориялық және эмпирикалық әдістердің өзара сабақтастығы** қамтамасыз етілді. Мұндай тәсіл тұлғаның тарихи-психологиялық табиғатын кешенді түрде зерделеуге, сондай-ақ педагогтің зерттеу құзыреттілігін дамыту үдерісін ғылыми негізде сипаттауға мүмкіндік берді.

Кенесары ханның психологиялық портретін жасау үшін **деректік-тарихи талдау**, пәнаралық тәсіл әдісі қолданылып, оның өмірі мен қызметіне қатысты тарихи құжаттар, замандастарының естеліктері және заманауи зерттеулердегі сипаттамалар ғылыми тұрғыдан сараланды. Бұл деректер тұлғаның мінез ерекшеліктерін, көшбасшылық қабілеттерін және эмоционалды-интеллектуалдық қырларын анықтауға мүмкіндік берді.

Талқылау және нәтижелер. И.А.Зимняяның зерттеулерінде «құзырет» ұғымы «білімге негізделген, адамның интеллектуалды және жеке тұлғаға негізделген әлеуметтік – кәсіби өмірі» деп түсіндіріледі, ал «құзыреттілік әрқашан құзыреттің өзекті көрінісі болып табылады», яғни құзыреттер «кейбір ішкі, әлеуетті, жасырылған психологиялық жаңа пайда болған түрлер: білім, идеялар, іс-қимыл бағдарламалары (алгоритмдер), құндылықтар мен қатынастар жүйелері, содан кейін адамның құзыреттілігінде анықталады» [2].

И. А. Зимняяның зерттеулерінде көрсетілгендей, құзырет – адамның білімге негізделген, интеллектуалды және тұлғалық әлеуетінің әлеуметтік-кәсіби өмірде көрініс табатын кешенді қасиеті. Құзыреттілік – сол әлеуеттің нақты әрекеттегі көрінісі, яғни адамның ішкі ресурстары: білім, идеялар, іс-қимыл бағдарламалары, құндылықтар мен

қатынастар жүйесі тәжірибеде іске асады. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу құзыреті педагог үшін аса маңызды: ол педагогқа жаңа білім мен әдістерді өз бетінше игеруге, тәжірибеде сынауға, кәсіби іс-әрекеттерін деректер мен дәлелдерге сүйене отырып тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу құзыреті педагогтың кәсіби дамуы мен сабақ сапасын арттырудың негізгі факторы болып табылады, себебі ол шығармашылықты, сыни ойлауды және кәсіби шешім қабылдауды қамтамасыз етеді.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында: Білім алушылардың тарих сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту мақсатында төмендегі жұмысты ұйымдастыру ұсынылады:

- деректі, публицистикалық, көркем, оқу мәтіндерін немесе олардың үзінділерін тарихи дереккөз ретінде талдау, бұл дереккөзден сұрақтарға жауап іздеу, ақпаратты таңдау және талдау дағдыларын дамытады;

- тарихи оқиғалардың түрлі нұсқаларын ұсынатын тарихи дереккөздерден алынған ақпаратты салыстыру, бұл білім алушылардың сыни ойлау және әртүрлі көзқарасты салыстыру қабілетін дамытуға көмектеседі- деп көрсетілген [3]. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрлігінің 2020жылдың 4 мамырындағы №175 бұйырығына сәйкес әзірленген «Тарих және құқық негіздері: қытудағы жаңа технологиялар» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасының 3-модульдің (Оқытудың мазмұны мен әдістерін білім алушылардың функционалдық сауаттылығы және білім беру сапасын арттыру үшін жетілдіру) «Зерттеу жобаларын оқу процесіне білім алушылардың шығармашылық ойлауын ынталандыру құралы ретінде кіріктіру: тарих және құқық негіздерін оқытуда зерттеу әдістерін кіріктіру тұжырымдамасы, білім алушылардың шығармашылық ойлауын ынталандыруға арналған стратегиялар мен практикалық тәсілдерді әзірлеу» тақырыбын жүргізу барысында пән мұғалімдерінің нұсқау хатқа сай зерттеуге бағытталған сабақты жоспарлау дағдысын дамыту мақсатында, сонымен қатар педагогтердің зерттеу құзыретін, кәсіби біліктерін дамытуға негізделген практикалық жұмыстар жүргізеді.

Педагогтердің тарихи деректерді талдау, сыни ойлау интерпретациялау дағдысын қалыптастыруға Кенесары Қасымұлының тұлғалық- психологиялық болмысын талдау тапсырмалары ұйымдастырылды.

Практикалық жұмыс барысында Е.Бекмахановтің «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40жылдарында», «Востание хана Кенесары» атты еңбектері, Кенесары Қасымұлы. Туғанына 200 жыл толуына арналған ғылыми-теориялық конференция материалдары, Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық қозғалыстың әртүрлі кырларын көрсететін құжаттар берілген «Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова» кітабы зерттеліп, талданды.

№1 дерек. «В этот период Кенесары Касымов проявил себя не только вождем и организатором масс, но и талантливым полководцем. Он создал прекрасную армию, состоявшую из 20 тысяч жигитов, среди которых проводил строгую военную дисциплину. Один военнопленный, барон Оруд, находившийся в ставке Кенесары, передает следующее: «При мне, собрав всех своих казахов, Кене-сары предал мучительной смерти одного казаха, которого застал спящим в ночном карауле» [4].

Берілген дерекке сүйенсек, Кенесары Қасымұлының өз сарбаздарын қатал тәртіпке бағындырғаны және әскери тәртіпті бұзған адамға ерекше қатаң жаза қолданғаны айтылады. Мұндай мінез-құлық оның тұлғалық психологиясында жоғары деңгейдегі жауапкершілік сезімі, тәртіп пен әділеттілікті қатаң сақтауға бағытталған ерік-жігері, сондай-ақ қатал шешім қабылдау қабілеті бар екенін көрсетеді.

Біріншіден, бұл дерек Кенесарының жоғары деңгейдегі лидерлік (көшбасшылық) типіне тән мінезін білдіреді. Ол өзінің билігін эмоциямен емес, тәртіп пен борыш сезіміне негіздеген. Психологияда мұндай қасиет авторитарлық-лидерлік стиль деп аталады. Мұндай

көшбасшылар қатаң тәртіп арқылы топтың тұрақтылығын және мақсатқа жетуін қамтамасыз етеді.

Екіншіден, бұл әрекет Кенесарының жауынгерлік психикасының ерекшелігін танытады. Ұйықтап қалған күзетшіні өлім жазасына кесу – әскери қауіпсіздікті сақтаудың экстремалды тәсілі. Демек, ол соғыс жағдайында кез келген қателікті қауіпті деп қабылдап, жауапсыздыққа нөлдік төзімділік танытқан. Бұл – қатер жағдайында стратегиялық ойлау мен қауіптің алдын алу инстинктінің көрінісі.

Үшіншіден, Кенесарының бұл шешімі оның эмоционалды ұстамдылығы мен ерік күшін де сипаттайды. Мұндай қатал шешім қабылдау үшін тұлғада жоғары ішкі бақылау және моральдық сенімділік болуы тиіс. Ол жеке эмоцияға емес, ұжымның қауіпсіздігі мен мақсаттың маңыздылығына сүйеніп әрекет еткен. Дерек Кенесары ханның тұлғалық психологиясында жоғары жауапкершілік, тәртіптілікті талап ету, қаталдық арқылы әділет орнату және стратегиялық ерік-жігер секілді қасиеттердің басым болғанын дәлелдейді. Бұл-оның тек әскери қолбасшы ғана емес, ерік күші жоғары, шешім қабылдауда принципшіл және миссиясына берілген тұлға екенін көрсететін айқын психологиялық көрініс.

2-дерек . 1843 жылдар Кенесары сұлтанның билерге айтқан сөзі

Сізге - Бәйтерек биге, Бесек биге, Қызыл биге, Айшынды биге, Сүлеймен биге, Қаракүшік биге және барша назардың кісілеріне, билер мен мырзаларға сөз!

Сол Құдайдың тағдыры болып, біздің біраз адамымыздың қаны сіздердің мойныңызда болып еді. Ол істеген істеріңізге тәубе қылып, бізді хан біліп, өздеріңіз қараша болып, бізбен татуласар деген ниетіміз бар еді. Бірақ сіз Құдайдан қорықпадыңыз, аруақты сыйламадыңыз. Сіздің қылығыңыз – қандасыңыз Тілеуді ұрып, қорлағаныңыз болды. Егер бұрынғы істеріңізге тәубе қылып, райыңыздан қайтсаңыз, жақсыларыңыз біздің алдымызға келіңіздер. Біздің мейірбандығымыз сіздерге көп. Ал егер келмесеңіздер - біз отыз жасқа келдік, сіздерді Құдайдан тілеп, енді отыз жыл жаулармын, иншалла, хақ! Сіздерге Бүбек құлымызды жібердік. Әрбір ауыз сөзіне бауыр болыңыздар [5], - деп жазады . 1843 жылы Кенесары Қасымұлының билерге арнаған хаты – оның **көшбасшының ішкі ерік-жігерінің көрінісі** айқын бейнелейтін тарихи құжаттардың бірі. Бұл хатта Кенесарының бойындағы бірнеше маңызды психологиялық қасиеттер көрініс табады: әділдік сезімі, рухани жауапкершілік, көшбасшылық ерік және стратегиялық ойлау.

Біріншіден, хаттың мазмұнынан Кенесарының **рухани және моральдық тұрақтылығы** анық байқалады. Ол қарсыластарына қарата сөзін «Құдайдан қорқып, аруақты сыйлаңыздар» деп бастайды. Бұл сөйлем оның **діни-рухани сана деңгейінің жоғары** екенін және кез келген шешімді **құндылықтық-этикалық тұрғыдан** бағалайтынын көрсетеді. Мұндай психологиялық ұстаным тұлғаның **интегративті мінез құрылымын** білдіреді

Екіншіден, Кенесарының сөздерінен **эмоционалды интеллект** пен **ерік күші** айқын көрінеді. Ол қарсыластарымен тікелей соғысқа бармай тұрып, диалог арқылы шешім іздейді: «Біздің мейірбандығымыз сіздерге көп» - бұл сөйлем оның **қарым-қатынастағы дипломатиялық қабілетін** және **жанжалдарды шешудегі эмоционалды тепе-теңдігін** көрсетеді. Мұндай қасиет көшбасшылық психологияда *лидерлік эмпатия* деп аталады.

Үшіншіден, Кенесарының «Егер келмесеңіздер, біз отыз жыл жаулармыз» деген сөзі оның **ішкі сенім жүйесінің беріктігін** және **мақсатқа адал психологиялық мотивациясын** сипаттайды. Ол өз ұстанымынан қайтпайтын, **ерік-жігері жоғары тұлға** болған. Бұл қасиет Мак Клеllandтың мотивация теориясы бойынша «билік пен жетістікке ұмтылу» категориясына жатады.

Сондай-ақ Кенесарының бұл үндеуінде **жауапкершілік пен ұжымдық санаға әсер ету стратегиясы** көрінеді. Ол жеке адамдарды емес, бүкіл руды, қауымды жауапкершілікке

тартады («сіздердің мойындарыңызда қан бар»). Бұл оның психологиялық әсер ету әдісін ұжымдық деңгейде қолдана алатын стратег екенін көрсетеді.

Қорытындылай келе, бұл деректе Кенесары ханның 1843 жылғы бұл сөзі оның тұлғалық психологиясын-**рухани сенімге негізделген, ерік-жігері мықты, әділетті әрі стратегиялық көшбасшы бейнесін** толық сипаттайды. Ол үшін әділдік пен намыс-психологиялық тірек, ал халық алдындағы жауапкершілік - өмірлік миссия болған.

№3 дерек. Кенесары жауларына өте қатал болды. Оны мына хаттан көруге болады (қор 4 тізім, 1 іс, 385): «...Въ начале июля съ Оренбургской линіи высланъ на поиски въ степь новый отрядъ, подъ начальством полковника Дуниковского, в составе 500 Уральских и Оренбургских казаковъ при 2-х орудияхъ. Въ ночь съ 20-го на 21-е июля (1844г.) на р.Улькоякъ (Елкебек Б.Н.), недалеко отъ верховья Тобола, на отрядъ Дуниковского напасть Кенесары, перерезаль султанов, биевъ, почетных киргизовъ по вине и беспечности Дуниковского» [6].

Кенесары Дуниковскийдің отрядына түнгі уақытта күтпеген жерден шабуыл жасаған. Мұндай әрекет оның жоғары деңгейдегі **стратегиялық интеллектісі мен тактикалық есептеу қабілетін** көрсетеді. Ол қарсыласының әлсіз тұстарын дәл бағалай алып, соғыс жағдайындағы шешімдерді логикалық және прагматикалық тұрғыдан қабылдаған. Бұл қасиет К. Юнг типологиясы бойынша **интуитивті-рационалды тұлғаға** тән сипат болып табылады. Кенесарының әскери әрекеттері оның **жоғары ішкі мотивациясы** мен **ерік-жігерінің мықтылығын** дәлелдейді. Шабуылдың нақты жоспармен жүзеге асуы Кенесарының **эмоциялық реттеу деңгейінің жоғары екенін** дәлелдейді. Ол ашу-ыза немесе кек алу сезімінен емес, нақты есеп пен мақсаттылық негізінде әрекет еткен. Бұл оның **эмоциялық интеллектісінің** (Д. Гоулман тұжырымдамасы бойынша) дамығанын көрсетеді. Тарихи жағдаяттағы суыққанды шешім қабылдау - көшбасшы тұлғаның кәсіби және психологиялық жетілгендігін білдіреді.

№4 дерек. Халық ауыз әдебиеті тарихи тұлғалардың болмысын бейнелейтін маңызды мәдени-рухани дерек көзі болып табылады. Онда халықтың тарихи жадында сақталған тұлға бейнесі көркем тіл арқылы сомдалып, оның мінезі мен дүниетанымы поэтикалық тұрғыдан ашылады. Ф.Сатыбалдұлының «Шерлі жылдар, шерулі жырлар» жинағында Кенесарының хан сайлануының жайы сөз болады. Осы тұстарда Кенесарының бейнесі де көрсетілген:

*Ер Кене қысыр сөзді ұнатпайды,
Мылжың мен мақтанишақты жаратпайды.
Кісіні бір көргеннен таниды да,
Маңына ішмерезді жолатпайды.
Айбаты – арыстандай суық кісі,
Адамның бұл да ерекше көріктісі.
Көп тыңдап, аз сөйлейді, тым сабырлы,
Дініне алабөтен берік кісі.
Тұрады кімді болсын мысы басып,
Қалады көрген кісі демде жасып.
Кісінің ту сыртынан өтер көзі,
Ерекше жаралған жан айбыны асып.*

Бұл шумақтардан Кенесарының сыртқы бейнесі ғана емес, ішкі жан дүниесі де байқалады. «*Кісіні бір көргеннен таниды да, Маңына ішмерезді жолатпайды.*» Бұл жолдар Кенесарының **әлеуметтік интеллектісінің** жоғары деңгейін бейнелейді және адамды бір көргеннен танитын аса байқампаздығын танытады. Ол адамдардың мінез-құлқындағы ұсақ детальдарды бақылап, ішкі ниетін дәл бағалай алған. Мұндай тұлғаларда **эмпатиялық сезімталдық, жоғары перцептивтік қабылдау және интуитивтік ойлау** қабілеттері қатар дамиды. Бұл қасиеттер көшбасшы үшін шешуші сипаттардың бірі болып табылады [6].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, тарихи тұлға негізінде психологиялық портрет жасау педагогтің зерттеу құзыретін дамытуда ерекше тиімді. Бұл әдіс бір жағынан тарихи-танымдық мазмұнды тереңдетсе, екінші жағынан зерттеушінің аналитикалық ойлау қабілетін жетілдіреді.

Пәнаралық тәсіл (тарих, психология, педагогика) зерттеу құзыретін қалыптастырудың жаңа моделін ұсынады. Кенесары ханның тұлғалық қасиеттерін талдау барысында педагог өз бойында зерттеуші көзқарасты, ғылыми пайым мен өзіндік интерпретацияны қалыптастырады. Сондай-ақ, психологиялық портрет жасау әдісі педагогикалық рефлексияны дамыта отырып, мұғалімдердің шығармашылық зерттеу мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді.

Адамдар мен оқиғалар тарихынан құрылымдар мен үдерістер тарихына зерттеу қызығушылығының ауысуы мәселесі тағы бір бағытта ілгерілеуге мүмкіндік береді. Бұл тек сюжеттердің ғана емес, тарихи баяндаулардың тұтастығы мен аяқталғандығы туралы түсініктің де өзгеретінін білдіреді. Демек, өткенді көру тәсілі де басқаша болуы тиіс [7].

Жеке көзқарастар мен оқиғалар тарихынан құрылымдар мен үдерістер тарихына зерттеу қызығушылығының ауысуы өткенді тек жеке тұлғалар мен нақты оқиғалар арқылы емес, тарихи процестер мен әлеуметтік құрылымдар арқылы көріп, талдауға мүмкіндік береді. Кенесары ханның өмірін зерттегенде де бұл тәсіл маңызды: оны тек батыр немесе хан ретінде қарастырмай, сол дәуірдегі әлеуметтік-саяси құрылымдар, елдің ішкі жағдайы, халықтың психологиясы мен қоғамдағы үдерістер контекстінде қарастыру қажет. Мұндай тұрғыдан алғанда, тарихи-психологиялық портрет Кенесарыны жеке тұлға ретінде ғана емес, оның әрекеттерін, шешімдерін және стратегиялық іс-қимылдарын сол уақыттың әлеуметтік және саяси құрылымдары тұрғысынан түсіндіруге мүмкіндік береді. Яғни, өткенді құрылымдар мен үдерістер арқылы қарау Кенесары ханның тұлғалық және психологиялық ерекшеліктерін терең, кешенді бағалауға жол ашады.

Практикалық жұмыс барысында Кенесары ханның психологиялық портретін жасау нәтижесінде оның келесі тұлғалық сипаттары анықталды:

- **Көшбасшылық қабілет:** стратегиялық ойлау, шешім қабылдаудағы батылдық, жауапкершілік сезімі;
- **Эмоциялық тұрақтылық:** күрделі жағдайларда сабырлылық таныту, өзін-өзі бақылау;
- **Интеллектуалдық даму:** саяси, әскери және дипломатиялық сауаттылық;
- **Әлеуметтік бағдар:** ұлт бірлігін сақтау, әділет пен тәуелсіздік идеясын ұстану.

Кесте. Деректер мен тарихи Кенесары ханға тарихи- психологиялық талдау

Дереккөз Топтары	Ханға Қатысты Көзқарас/Ақпарат	Психологиялық портретке үлесі
1. Ресей империясының ресми құжаттары	Ханды "бүлікші", "қауіпті" тұлға ретінде сипаттайтын әкімшілік хат-хабарлар, баяндамалар.	Сыртқы қысым: Ханның саяси мінез-құлқын, қаталдығын немесе стратегиялық шешімдерін көрсетеді.
2. Қазақ жырауларының ауыз әдебиеті	Ханды "батыр", "ұлттық көшбасшы" ретінде дәріптейтін жырлар мен аңыздар.	Ұлттық рух: оның халық арасындағы беделін, жеке харизмасын және мақсат-мүддесін түсінуге негіз болады.
3. Оқиғаға куәгерлердің естеліктері мен хаттар	Көтеріліске қатысқан куәгерлер және жазған хаты	Тұлғалық қасиеттер: оның күнделікті мінез-құлқын, эмоциялық реакцияларын және жеке қарым-қатынасын ашуға көмектеседі.

Кенесары ханның тарихи-психологиялық портретін жасау нәтижесінде тарих пәні педагогтері талдау жасау дағдысын, логикалық ойлау мәдениетін, сондай-ақ зерттеу мотивациясын арттырды.

Қорытынды. Түйіндей келе, Кенесары ханның психологиялық портретін құрастыру негізінде қолданылатын тарихи-психологиялық әдіс педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтің зерттеу құзыретін дамытудың ғылыми тұрғыдан негізделген, кешенді және практикалық тиімді құралы болып табылады. Бұл әдіс педагогтарға тек кәсіби оқытушы ретінде әрекет етуден бөлек, дербес зерттеуші, аналитик, сыни ойлаушы ретінде өзін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи-психологиялық талдау педагогтің ғылыми-зерттеу мәдениетін қалыптастыруға, кәсіби және тұлғалық дамуын тереңдетуге ықпал етеді. Мұндай тәсіл педагогтің білімін, тәжірибелік дағдыларын және интеллектуалды әлеуетін тиімді пайдалануына жағдай жасап, оның кәсіби әрекетінде шешім қабылдау, ғылыми пайымдау және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін нығайтады. Осылайша, тарихи-психологиялық әдіс педагогтің зерттеу құзыретін арттыруда теориялық және практикалық мәні зор құрал болып саналады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қалиева Э.И. «Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі: Оқу құралы» - Ақтау: 2010.
2. Зимняя И.А. Ключевые компетенции –новая парадигма результата образования// Высшее образование сегодня. -2003. –№5. -С.35 -41
3. «2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – 172 б.
4. Бекмаханов Е.Б. Восстание хана Кенесары (1837-1847г.г.).-Алма-Ата:Ғылым,1992- 48 бет.
5. Национально-освободительная борьба казахского народа под предводительством Кенесары Касымова. - Алматы: Ғылым, 1996. - 512 с.
6. Әбдіғапбарова Ұ. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2020.
7. Болатбек НӘСЕНОВ, Хан Кенедей ер қайда? <https://anatili.kazgazeta.kz/news/17366>
7. Торғай ақындары шығармашылығындағы Кенесары-Наурызбай бейнесі 24 Қаңтар, 2023 <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11904>

REFERENCES

1. Qalіeva É.İ. «Ğılımi-pedagogikalıq zerttew ädistemesi: Oqw quralı» - Aqtaw: 2010. 2. Zimnyaya İ.A. Klyuçevie kompetencii –novayaparadigma rezwtata obrazovaniya // Visşee obrazovanie segodnya. -2003. –№5. -S.35 -41
3. «2025-2026 oqw jılında Qazaqstan Respwblıkasınıñ jalpı bilim беретin mektepterinde bilim berw procesin uyımdastırwdıñ erekselikleri twralı» ädistemelik nusqaw xat.- Astana: I.Altınsarın atındağı UBA, 2025. – 172 b.
4. Bekmaxanov E.B. Vostaniё хана Kenesarı (1837-1847g.g.).-Alma-Ata:Ğılım,1992- 48 бет.
5. Naciionalno-osvoboditel'naya borba kazaxskogo naroda pod predvoditel'stvom Kenesarı Kasımova. - Almatı: Gılım, 1996. - 512 s.
6. Äbdıgapbarova U. Pedagogtıñ käsibi quzirettiligi. – Almatı: Qazaq wnıversiteti, 2020.
7. Bolatbek NÄSENOV, Хан Кенедей er qayda? <https://anatili.kazgazeta.kz/news/17366>